

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты

ӘОЖ 373.3:37.017.924

Қолжазба құқығында

**ЖУНДЫБАЕВА ТУРАРХАН НУРМУХАНОВНА**

**Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің бастауыш сыныптарындағы  
оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың  
педагогикалық негіздері**

13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика

Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін  
дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор Т.С.Сабыров

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2007

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>3</b>
----------------------	----------

### **1 БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ГУМАНИЗАЦИЯЛАУДА ОҚУШЫЛАРДЫ ЖЕКЕЛЕП ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

1.1 «Гуманизм», «оқушыларды жекелеп оқыту» ұғымдарының мәні және оның философиялық, психологиялық-педагогикалық негіздері .....	10
---	----

1.2 Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері .....	51
--	----

1.2 Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың логикалық құрылымы .....	69
---	----

### **2 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ГУМАНДЫҚ ҚАТЫНАС ЖАСАУ НЕГІЗІНДЕ ЖЕКЕЛЕП ОҚЫТУ БАРЫСЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІ-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ**

2.1 Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың технологиясы .....	79
---	----

2.2 Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларға жекелеп өзіндік тапсырмалар беру әдістемесі .....	88
---	----

2.3 Педагогикалық тәжірибелі-эксперименттің нәтижелері .....	97
--	----

<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>129</b>
------------------------	------------

<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>134</b>
--	------------

<b>ҚОСЫМША .....</b>	<b>142</b>
----------------------	------------

## КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Қазіргі кездегі ел өміріндегі саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістер орта және жоғары мектепті демократияландыру мен гуманизациялау, білім беру жүйесінде жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу сапасын көтеру, оларды еңбек пен қоғамдық өмірге даярлау мәселесінің көкейтестілігін көрсетіп отыр.

Осыған орай Қазақстан Республикасының «Білім беру» туралы Заңында [1], «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының» жобасында [2], «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» [3], Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан халқына жолдауында» [4], т.б. құжаттарда осы заманға сай білім беру жүйесін дамыту, кең ауқымды ойлай білетін тұлғаның рухани және салауатты өмір салты негізін қалыптастыру, тұлғаның шығармашылық дара қасиеттерінің дамуы үшін жағдай жасау, интеллектісін байыту міндеттері көзделген.

Қазіргі мектептің құрылымы мен білім беру мазмұнында болып жатқан бетбұрыстар оқу-тәрбие процесін жаңашаландыру талаптарын қояды. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында: «...Бастауыш мектептің бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілетін ашуға және дамытуға бағытталған...» [3] деп көрсетілген.

Жоғарыда айтылған талаптар мен міндеттерді нәтижелі жүзеге асырудың факторлары оқушылардың этникалық, психологиялық, дербес ерекшеліктерін ескеру болып табылады. Гуманистік ой-пікірлер қазіргі кездегі педагогикалық теориялар мен тәжірибелердің ашқан жаңалығы емес. Оның негізі әр халықтың діни сенімдері мен салт-дәстүрлерінде, философиялық және педагогикалық ілімдерінде жатыр. Дегенмен, бірқатар әдебиеттерге талдау жасау барысы «гуманизм» термині ғылымға алғаш рет ХІХ ғасырда ғана енгізілгенін байқатады. [5]

«Гуманизм» ұғымына М.М.Розенталь [6], А.Ф.Лосев [7], Р.Н.Нұрғалиев сияқты философтардың құрастырған [8], сондай-ақ И.С.Кон [9] мен А.Қ.Құсайыновтың [10] басқарған жалпы редакциясымен шығарылған сөздіктерде әртүрлі анықтамалар берілген.

Гуманизм идеясы Сократ [11], Платон [11], Аристотель [11], шығыс ойшылдары әл-Фараби [12, 13], Ибн-Сина [14], Ж.Баласағұн [15, 16] және қазақ ақын-жыраулары (Р.Хорезми, С.Сарай) [17], Асан қайғы [18], Ақтамберді жырау [19], Шал ақын [20], Ақан Сері [21], А.Құнанбайұлы [22, 23], Ш.Құдайбердіұлы [23], жазушылар М.Әуезов [24, 25] С.Ғаббасов [26], философ Л.И.Абдығалиеваның [27] еңбектерінен кең орын алды.

Сократтың адам туралы ілімі батыс философиясына, әсіресе, неопрагматизм, жаңа гуманизм, экзистенциализм ағымдарына зор әсер еткенін байқауға болады. Бұл бағыттардың негізгі өкілдері: А.Комбс, К.Роджерс,

С.Хук, П.Херс, Дж. Вильсон, Р.С.Питерс, А.Харрис, Дж.Кнеллер, К.Гоулд, У.Баррет, М.Марсель, О.Ф.Больнов [28], А.Маслоу [29], Н.А.Бердяев пен С.Франкл, т.б. [30, 31].

Философтардың адамгершілік құндылық туралы пікірлері гуманистік психология мен педагогиканың қалыптасуына негіз болды

Гуманистік психология ХХ ғасырдың 60-шы жылдарының басында АҚШ-та пайда болды. Бұл бағыттың жетекші өкілдері – Г.Олпорт [32], Г.А.Мюррей [33], К.Роджерс, А.Маслоу, т.б. [34].

Оқытуды гуманизациялаудың психологиялық аспектісін, яғни оқушылардың моральдық дамуы мәселесін зерттеумен А.Н.Леонтьев [35], Д.Б.Эльконин [36, 37], Л.И.Божович [38], Н.Э.Фокина [39], И.Л.Ленская [40], Л.А.Венгер, В.С.Мухина [41], Т.Грининг [42], А.Н.Лариенко [43], С.Г.Якобсон [44], М.М.Мұқанов [45], Қ.Жарықбаев [46] айналысты.

Қайта өрлеу заманы гуманистік педагогика дамуының жана кезеңі болып саналады. Қайта өрлеу заманының көрнекті өкілдері Т.Компанелла [47], Т.Мор [48] және т.б. ағартушылар баланы жан-жақты білу, оның жеке басын бағалау қағидасын ұсынды.

Гуманистік педагогиканы әрі қарай дамытуға үлкен үлес қосқан ұлы педагогтар ретінде Я.А.Коменский [49], Ж.Ж.Руссо [50], М.Монтессори [51], К.Д.Ушинский [52, 53], Л.Н.Толстой [54, 55], Ы.Алтынсарин [56], Ж.Аймауытов [57, 58], А.Байтұрсынов [59, 60], М.Жұмабаев [61], С.Көбеев [62], А.С.Макаренко [63], В.А.Сухомлинский [64, 65], Ш.Амонашвили [66, 67, 68, 69], Д.Зуевтерді атауға болады [70].

Кейінгі кезде оқу-тәрбие процесін гуманизациялау мәселесіне ТМД ғалымдары З.Г.Нигматов [71], Л.В.Куликова [72], Ю.В.Гармаш [73], т.б. өз зерттеу еңбектерін арнады. Қазіргі кезде бұл мәселені зерттеумен Қазақстан ғалымдары да айналысуда. Мысалы, А.А.Бейсенбаева [74], С.А.Ұзақбаева [75], Р.К.Төлеубекова [76, 77], Г.К.Шолпанқұлова [78], В.П.Карибжанова [79], К.Т.Әтемова [80], Ж.Таубалдиева [81], З.Т.Сейілованың [82] докторлық және кандидаттық диссертацияларында оқу-тәрбие процесін гуманизациялау мәселесі әр қырынан көрініс тапты. Сондай-ақ, осы мәселе төңірегінде баспасөз беттерінде А.А.Бейсенбаева мен М.Е.Ералиеваның [83, 84], К.Нұртілеуованың бірқатар мақалалары да жарияланды [85].

Жоғарыда айтылғандардан біз оқу-тәрбие процесін гуманизациялау бұрыннан көтеріліп келе жатқан проблема екенін байқадық. Дегенмен, аталмыш мәселе өз шешімін толық таба қойған жоқ. Сондықтан біз оқушыларды жекелеп оқытуды бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялаудың құралы ретінде қарастырамыз.

Оқыту процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытуды жүзеге асыруда ТМД және отандық педагогика оқушыға тұлғалық-әрекеттік тұрғыдан қарау принципіне сүйенеді. Оқушыға тұлғалық-әрекеттік тұрғыдан қараудың психологиялық мәселелерін С.Л.Рубинштейн [86], А.Н.Леонтьев [86], тұлғаға бағдарланған оқыту жүйесін И.С.Якиманская [87], В.В.Сериков [87, 88], Е.В.Бондаревская [89] зерттесе, Г.И.Щукина іс-әрекеттің құрылымына

педагогикалық тұрғыдан талдау жасайды [90, 91]. В.А.Сластениннің редакциясымен шығарылған «Педагогика» оқулығында оқушылар іс-әрекетінің құндылық бағытының мәні мен ерекшелігіне тоқталады [92].

Оқыту процесінде оқушыларды жекелеп оқыту мәселесін шешуге ТМД ғалымдары да атсалысты. Оқушыларды жекелеп оқыту, оқушыға жеке тұрғыда қарау принциптері туралы ғалымдардың берген анықтамалары әртүрлі [93, 94]. Оқушыларды жекелеп оқыту мәселесімен Е.С.Рабунский [95], А.А.Кирсанов [96, 97], И.Э.Унт [98], А.А.Бударный [99], т.б. психологтар мен педагогтар айналысты.

Бұл мәселені зерттеуге АҚШ және Батыс Европадағы оқу орындарында көбірек қадамдар жасалынды. Соның негізінде әртүрлі жоспарлар, жобалар пайда болып, жүзеге асырылды. Шетелдердегі оқушыларды жекелеп оқыту мәселесін зерттеген ғалымдар: З.К.Новикова [100], М.В.Кларин [101], т.б.

Оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда бастауыш сынып оқушыларын жекелеп оқытуды жүзеге асыру үшін, олардың психо-физиологиялық және моральдық даму ерекшеліктерін білудің маңызы зор. Бұл орайда біз М.М.Мұқановтың [102], А.Н.Леонтьев [103] пен А.А.Люблинскаяның [104], Л.В.Занков [105] пен Д.Б.Элькониннің [106], Н.Е.Коневская [107] мен Ю.И.Щербакованың [108], С.Ф.Жуйков [109] пен Н.А.Менчинскаяның [110], М.А.Асылханова [111] мен М.Мухиннің [112], Л.С.Выготский [113] мен М.М.Мұқановтың [114] еңбектері мен зерттеу жұмыстарын басшылыққа алдық.

Оқыту процесінде бастауыш сынып оқушыларын жекелеп оқыту мәселесіне өздерінің еңбектері мен кандидаттық диссертацияларын арнаған ғалымдар В.А.Сухомлинский [115], Л.В.Савельева [116], Т.В.Азарова [117], А.М.Колесова [118], В.Е.Гурин [119], т.б. еді.

Қазақстанда оқушыларды жекелеп оқыту мәселесі М.А.Құсаинова [120], Р.Д.Төлебаева [121], А.Н.Сүлейменова [122], т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. Мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас мәселесін А.А.Леонтьев [123], В.А.Кан-Калик [124], С.Елеусізова [125, 126], С.Л.Рубинштейн [127], С.Д.Шевченко [128], А.Жүнісова [129], т.б. зерттеді.

Сонымен, біз жоғарыда біраз ғылыми еңбектерге, диссертациялық зерттеулерге талдау жасай келе, оқушыларды жекелеп оқыту мәселесі орыс тілді мектептерде қалай жүзеге асырылғаны, қалай асырылуы қажеттігіне көңіл бөлініп, зерттелгенін және де бұл жұмыстар негізінен орыс тілінде жазылғанын байқадық. Ал қазіргі кезде қазақ мектептерінде, соның ішінде, бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытуды ұйымдастыруға бағытталған ғылыми еңбектер жоқтың қасы деуге болады.

Сонымен қатар мектеп жұмысын бақылау және мұғалімдер мен оқушылар арасында жүргізілген сауалнама жұмысының нәтижесі бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялау, оқушыларды жекелеп оқыту мәселесі тәжірибеде қажетті дәрежеде жүзеге асырылмай отырғандығын байқатты. Бұған сабақта оқушылармен фронтальды жұмыс істеудің басымдылығы,

оқушыларды жекелеп оқытуды жүзеге асырудың шектеулілігі, әдістемелік нұсқаулардың аздығы өз кесірін тигізеді. Міне, сондықтан педагогикалық тәжірибеде оқушыларды жекелеп оқытуды ұйымдастырудың ғылыми-теориялық аспектілерін оқытушылардың білмеуі салдарынан оқу-тәрбие процесін гуманизациялау мәселесін шешудің жүйесіз жолдары басым болып отыр.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың қажеттігі мен оның ғылыми-педагогикалық тұрғыда жүйелі зерттелмеуі; бастауыш сынып оқушыларының дербес ерекшеліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың алуан түрлерін үйлесімді ұштастыру қажеттігі мен оның мектептегі оқу-тәрбие процесінде қолданылуы арасында **қарама-қайшылық** бар екенін көрсетеді. Осы қайшылықтардың шешімін табу біздің зерттеу мәселемізді айқындап, тақырыпты **«Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің бастауыш сыныптарындағы оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың педагогикалық негіздері»** деп таңдауымызға негіз болды.

**Зерттеу нысаны:** жалпы қазақ орта мектептерінің бастауыш сыныптарындағы оқу-тәрбие процесі.

**Зерттеу пәні:** бастауыш сыныптың оқу-тәрбие ісін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқыту процесі.

**Зерттеу мақсаты:** жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің бастауыш сыныптарындағы оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың педагогикалық негіздерін айқындау және оны іске асырудың әдістемелік жүйесін жасау.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындау, «гуманизм», «оқушыларды жекелеп оқыту» ұғымдарын нақтылап, «бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялау» ұғымына анықтама беру.

2. Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілеріне теориялық тұрғыда талдау беру.

3. Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың логикалық құрылымын жасау, өлшемдері мен көрсеткіштерін және деңгейін айқындау.

4. Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың технологиясы мен бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда жеке тапсырмалар жүйесінің әдістемесін ұсыну.

**Зерттеу жұмысының болжамы:** егер, бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың педагогикалық негіздері және әдістемелік жүйесі айқындалып, оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен психо-физиологиялық ерекшеліктері ескерілсе, онда

педагогикалық процесте жекелеп оқыту технологиясының тиімділігі артады, өйткені, бұл жағдайда, оқу-тәрбие процесін гуманизациялау арқылы тұлғаның ізлілік қасиеттерін қалыптастыру қамтамасыз етіледі.

**Жетекші идеясы:** бастауыш сынып оқушыларын жекелеп оқыту арқылы оқу-тәрбие процесін гуманизациялау оқушылардың тұлғалық, моралдық қасиеттерінің ашылуына, өз күшіне сене білуіне, өзіндік «Мен»-інің қалыптасуына мүмкіндік тудырады.

**Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері:** біртұтас педагогикалық процесс теориясы, тұлғаның әлеуметтік мәні, қоғамдық сананың негізгі формасы – моральдың мән-маңызы, тұлғаның дамуындағы сана мен іс-әрекеттің бірлігі, ақыл-ой әрекетінің қалыптасу кезеңі туралы ілімдер, жеке және ұжымдық еңбектің диалектикалық бірлігі туралы философтардың, психологтардың, педагогтардың алдыңғы қатарлы идеялары.

**Зерттеу көздері:** Қазақстан Республикасының ресми материалдары (заңдар, қаулы-қарарлар), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары (тұжырымдамалар, бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты, бұйрықтар), зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектер, бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін жетілдіру жайындағы мұғалімдердің тәжірибелері, бастауыш сыныптарға арналған оқулықтар, ізденушінің мектептегі педагогикалық тәжірибе жұмысы.

**Зерттеу әдістері:** философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау; мұғалімдердің іс-тәжірибесін талдау; бақылау; тест; сауалнама; педагогикалық эксперимент, деректерді статистикалық өңдеу әдістері.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:**

1. Философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалынып, «гуманизм», «оқушыларды жекелеп оқыту» ұғымдарының мәні нақтыланды және «бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялау» ұғымына анықтама берілді.

2. Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылып, педагогикалық негіздері айқындалып, теориялық тұрғыда ашылып көрсетілді.

3. Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың логикалық құрылымы жасалынып, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлері анықталды.

4. Қазақ орта мектептеріндегі бастауыш сынып оқушыларын жекелеп оқыту арқылы педагогикалық процесті гуманизациялаудың технологиясы ұсынылып, оқушылардың қызығушылығын, икемділігін, өз бетімен әрекет ету деңгейлерін арттыруға, білімінде жіберілген кемшіліктердің орнын толтыруға мүмкіндік беретін өзіндік жеке тапсырмалар жүйесі жасалынды.

**Зерттеудің практикалық мәні:**

– автор жасаған бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялау

оқушыларды жекелеп оқытудың логикалық құрылымын, өлшемдері мен көрсеткіштерін бастауыш мектеп мұғалімдері оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру барысында пайдалана алады;

– оқушыларды жекелеп оқыту технологиясы мен өзіндік жеке тапсырмалар жүйесі бастауыш мектеп мұғалімдеріне оқушылардың қызығушылығын, икемділігін, өз бетімен әрекет ету деңгейлерін арттыруға, білімінде жіберілген кемшіліктердің орнын толтыруға мүмкіндік береді;

– зерттеу материалдары мен «Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқыту ісіне даярлау» атты арнайы курс бағдарламасын жоғары оқу орындарында маман даярлауда, педагог кадрлардың білімін жетілдіру институттарында осы салада білім, білік, дағдыларын дамыту мақсатында пайдалануға болады.

### **Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар:**

1. Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялау ұғымына анықтама, «гуманизм», «оқушыларды жекелеп оқыту» ұғымдарының теориялық тұрғыда негізделген мәні мен сипаттамасы.

2. Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың педагогикалық негіздері.

3. Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың логикалық құрылымы, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлері.

4. Бастауыш сынып оқушыларын жекелеп оқытудың технологиясы мен оқушыларға берілетін өзіндік жеке тапсырмалар жүйесі арқылы тәжірибелік-педагогикалық жұмыста оқу-тәрбие процесін гуманизациялаудың тиімділігі дәлелденген және ғылыми негізделген әдістемесі.

### **Зерттеу кезеңдері:**

Бірінші кезеңде (1998-1999 жж.) зерттеу тақырыбы анықталып, өзімізді қызықтырған мәселеге байланысты философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер оқылып, талдау жасалынды. Зерттеу тақырыбымыздың теориялық негізі қарастырылып, ғылыми аппараты анықталды.

Екінші кезеңде (1999-2002 жж.) бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың логикалық құрылымы жасалынып, бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың жолдары анықталды. Бастауыш сынып оқушыларын жекелеп оқытудың технологиясы мен оқушыларға берілетін өзіндік жеке тапсырмалар жүйесі даярланды. «Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқыту ісіне даярлау» атты арнайы курс бағдарламасының мазмұны әзірленіп, тәжірибелі-эксперимент жұмысы жүргізілді.

Үшінші кезеңде (2003-2006 жж.) жүргізілген тәжірибе жұмысының нәтижелері жүйеге келтірілді, алынған деректер статистикалық өңдеуден өткізіліп, қорытындыланды. Диссертация әдебиеттері жүйеленді.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі зерттеудің теориялық**

және әдістемелік негізде орындалуымен, ғылыми аппаратқа мазмұнының сай болуымен, мәселені талдауға сәйкес лайықты әдіс-тәсілдердің қолданылуымен, тәжірибелі-эксперимент жұмысының тиімділігімен, ұсынылып отырған әдістеменің бастауыш мектеп мұғалімдерінің іс-тәжірибесіне енгізілуімен қамтамасыз етіледі.

**Зерттеу базасы:** Алматы қаласындағы № 98 орта мектептің, № 124 арнайы орта мектептің, Талдықорған қаласындағы Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейінің бастауыш сыныптары.

**Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу мен тәжірибеге енгізу:** зерттеу жұмысының нәтижелері эксперимент барысында сынақтан өткізілді және халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, мерзімді басылымдарда жарық көрген ғылыми мақалаларда көрініс тапты.

**Диссертацияның құрылымы:** кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

**Кіріспе бөлімінде** зерттеу жұмысының көкейкестілігі дәлелденіп, ғылыми аппараты, диссертацияның құрылымы қамтылды.

**«Бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың ғылыми-теориялық негіздері»** атты бірінші бөлімде «гуманизм», «оқушыларды жекелеп оқыту» ұғымдарының мәні нақтыланып, оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздері көрсетілді, «бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялау» ұғымына анықтама берілді, бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері, бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың логикалық құрылымы жасалынды.

**«Бастауыш сынып оқушыларын гумандық қатынас жасау негізінде жекелеп оқыту барысындағы тәжірибелі-эксперимент жұмысының мазмұны»** атты екінші бөлімде бастауыш сынып оқушыларын жекелеп оқытудың технологиясы мен оқушыларға берілетін өзіндік жеке тапсырмалар жүйесі ұсынылып, оның тиімділігін дәлелдеу мақсатында жүргізілген эксперимент пен оның нәтижесі баяндалды.

**Қорытындыда** зерттеу жұмысының нәтижесіне сүйене отырып, мұғалімдерге ілгері уақытта бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытуға байланысты әдістемелік және практикалық ұсыныстар берілді.

**Қосымшада** бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытуға қатысты сабақ жоспары мен арнайы курс бағдарламасының үлгісі ұсынылды.

# 1 БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ГУМАНИЗАЦИЯЛАУДА ОҚУШЫЛАРДЫ ЖЕКЕЛЕП ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 «Гуманизм», «оқушыларды жекелеп оқыту» ұғымдарының мәні және оның философиялық, психологиялық-педагогикалық негіздері

Бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін ашу үшін, алдымен, қоғам және ондағы адамның орны, гуманизм туралы түсініктерге сипаттама беруді жөн көрдік, өйткені адамның болашағы мен оның білім алуы, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасының негізгі қағидалары қоғамның өзегін құрайтын осы алғышарттармен тығыз байланысты.

Гуманистік ой-пікірлер адамзат қауымының дамуымен байланысты пайда болып, дамып, өзгеріп, жетіліп отырғанымен, «гуманизм» терминін алғаш рет ХІХ ғасырда неміс педагогы Ф.Нитхаммер енгізді [58]. Содан бері «гуманизм» терминіне ғалымдар әртүрлі анықтамалар беріп келеді.

М.М.Розентальдің жетекшілігімен шығарылған «Философиялық сөздікте»: «гуманизм (лат. адамгершілікті) – адамның қадір-қасиетін құрметтеуді, адамдардың игілігіне, олардың жан-жақты дамуына қамқорлық көрсетуді, қоғамдық өмірде адамдарға қолайлы жағдайлар тудыруды білдіретін көзқарастардың жиынтығы» делінген [6].

Ресей философы А.Ф.Лосевтің пайымдауынша, гуманизм – философия, тарих, филология тұрғысындағы білімдердің және ерекше өнердің ғана емес, сонымен бірге, ол адамның ақыл-ойының ерекше бір қасиеті, еркін ойлауға деген бұрылысы [7].

Ал Р.Н.Нұрғалиевтің құрастырған философиялық сөздігінде: «гуманизм – адамның қадір-қасиеті мен құқын құрметтеуге, оның жеке тұлға ретіндегі бағасы, адамның игілігі, оның жан- жақты дамуына, адам үшін қолайлы қоғамдық өмір жағдайын жасаған қамқорлықты білдіретін көзқарастардың жиынтығы » деп анықтама берілген [8].

Этика туралы сөздікте: «гуманизм – тұлғаның қадір-қасиетін қорғау және бостандығын талап етуге, оның қабілеттерін жетілдіруге және адамның мүмкіндігінің шексіздігіне, адамның бақытты болуға құқылығы, оның қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру қоғамның басты мақсаты екендігін сендіруге негізделген көзқарастардың қағидалары» деп жазылған [9, 63 с.].

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндерме сөздігінде: «гуманизм – дүниетаным принципі. Оның негізіне адамның мүмкіншілігінің шексіздігіне, өзін-өзі дамыту қабілетіне деген сенімі мен ерік бостандығын, абыройын қорғау, адамның бақытқа жету жолындағы құқығы мен оның барлық сұраныстарын қамтамасыз ету қоғамның түпкілікті мақсаты деген мұрат жатады. Гуманизм қайта өрлеу дәуірінде ХІV-ХVІ ғғ. қоғамдық ой-пікірде, әдебиетте, өнерде, ғылымда алдыңғы қатарлы прогресшіл идеялық ағым

Ретінде қалыптасқан. Бертін келе адамды барынша ардақтайтын, адамгершілік қасиеттерін, бас бостандығын қорғайтын біртұтас көзқарастар жүйесіне айналды» деп жазылды [10].

Сонымен, «Гуманизм» ұғымын әр ғалым өзіндік ерекшеліктерімен сипаттағанын байқауға болады.

Ғылыми еңбектерге шолу жасай келе, біз гуманизм идеясы адамзат қоғамының пайда болуымен байланысты шығып, алғашында тек адамдардың күнделікті іс-әрекеті, тіршілігі үстіндегі қарым-қатынасы, жауларынан қорғану барысында өз руластарына, туыстарына деген сүйіспеншілік, қамқорлық ретінде көрінгенін байқаймыз.

Алғашқы гуманистік пікірлер, яғни қоғамдағы адам мәселесі ежелгі грек философтарының еңбектерінде жарық көре бастады. Бұл мәселеге алғашқылардың бірі болып үн қосқан софистер еді. Аға буынның өкілі Протагордың «Адам – дүниедегі бар және жоқ заттардың өлшемі» деген қағидасы адам туралы ілімнің іргетасын қалаған негізгі гуманистік ұстаным еді [11, 61-63 б.].

Міне, осы қағида барлық әлемді, дүниені танумен қатар адамға да айрықша көңіл аудару қажеттігін көрсетті.

Софистердің адам туралы ілімін әрі қарай Сократ дамытты. Ол дүниені, әлемді танумен қатар адам өзін-өзі, өзінің ішкі дүниесін білуге ұмтылуы керектігін айтты. Оның ойынша, адамның ішкі дүниесі оның сырттан алған білімімен ғана емес, рухани өмірімен де бағаланады. Сондықтан ол білімді адамның ішкі рухани дүниесімен тығыз байланыстырды.

Сократтың пікірінше, сан ғасыр бойы орын алып келе жатқан адасушылықтан құтылу үшін әрбір адам өзінің еркімен жақсылыққа қарай ұмтылуы, білімнің негізін игере отырып, жаман әдеттерден бірте-бірте бас тартуы қажет [11, 68-69 б.]. Осыдан келіп оның «Сен алдымен өзіңді-өзің таны» деген қағидасы шыққан.

Сократтың пікірі Платонның «Гой» деген диалогында өз жалғасын тапқанын көруге болады. Бұл еңбегінде Платон адамның денесі мен жанының әдемілігін салыстыра отырып, оның рухани дүниесінің әсемдігіне бас иетіндігін айтады. Оның ойынша жанның әдемілігі мінез-құлық әдемілігіне әкеп соғады. Сондай-ақ Платон даналық пен білімнің бірден су сияқты бір заттан екінші затқа құя салуға келмейтіндігін, ол үшін көп іздену, жақсылыққа, әдемілікке ұмтылу керектігін баса көрсетеді [11, 108-110 б.].

Ал Аристотельдің ойынша, табиғат адамға игілік пен ізгілікті қабылдай алатындай мүмкіндіктер ғана берген. Соған бара-бара ол мүмкіндіктер шындыққа, шын мәніндегі ізгілікке, адам жанының жақсы сапаларының біріне айналатындығын, яғни адамгершілік адам жанының қабылдап алған рухани сапасы екендігін айтады. Ол ізгіліктерді қабылдап алудың екі негізі бар деп есептейді: бірі – оқып білім алу, екіншісі – тәлім-тәрбие. Тек тәлім-тәрбие ғана адамгершілік пен парасаттылықты адамның бойына сіңіре алады. Аристотель адамдардың іс-әрекетіне ерекше көңіл бөле отырып, этика мен саясаттың адам өміріне, қызметіне тікелей қатысы бар екенін айтады. Адам қызметін

адамгершілік-саяси және шығармашылық деп екіге бөліп, адамгершілік қызметінде адам өзін-өзі жаратады, ал шығармашылықта адам өзінен өзгені тудырады деп есептейді [11, 137-140 б.].

Грек философиясындағы гуманизм идеясы шығыс ойшылдары әл-Фараби, Ибн-Сина, Ж.Баласағұн, Қ.А.Иассауи еңбектерінен кең орын алды.

Ұлы ғұлама әл-Фараби өзінің «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері» деген еңбегінде: «Дене сияқты жанның да өзіне тән денсаулығы мен науқасы болады. Жанның денсаулығы сол – оның өзінің және бөлшектерінің жайы жақсы болуының әсерінен әрдайым ізгі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер істеледі және тамаша әрекеттер жасалады. Ал жанның науқастығы сол - оның өзінің және бөлшектерінің жайы нашар халде болуының әсерінен әрдайым жаман қылықтар көрсетіледі, азғындық істер істеледі, сорақы әрекеттер жасалады» деп, адам әрекетінің бәрі белгілі бір әсерлер жиынтығы нәтижесі екенін көрсетеді [12].

әл-Фараби адамға қайырымдылық пен жаман қылықтар жаратылысынан дарымайтындығын, бірақ осылармен байланысты күйге жаратылысынан бейім болуы мүмкіндігін және оған басқа әрекеттерден гөрі әлгі күйден туатын әрекеттерді істеу оңайырақ болатындығын ескертеді. Сондықтан әуел бастан адамдарды қайырымды әрекеттерге бағыттап отыруға шақырады. әл-Фарабидің бұл пікірі біздің зерттеу жұмысымыз үшін өте құнды.

Сондай-ақ оның «... жанды емдейтін мемлекет қайраткері немесе әмірші бүкіл жанды, оның бөлшектерін, жанға және оның әрбір бөлшегіне зақым келтіретін кемшіліктер мен кеселдерді, олардың қайдан және қаншама себептерден туатынын білуі керек: адамның игілікті істер істегендегі жай-күйлерін, бұлардың кемшіліктерін қалай жоюды, қала тұрғындарының жан жүйесіне біткен қайырымдылықтарды қалай нығайтуды, оларды қалай сақтауды, сөйтіп, олардың жойылуына жол бермеуді білуі керек» деген пікірі бала тәрбиесімен айналысатын ұстаздар үшін өте маңызды және гуманистік педагогиканың қалыптасуына өз үлесін қосты [13].

Ұлы ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизм лебі еседі. Ол Адам баласын –жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігі.

Қайшылығы мол күрделі кезде өмір сүре отырып халықты имандылыққа, мұсылман діні жолына шақырған кемеңгер ойшыл – Қожа Ахмет Иассауи. Оның «Диуани хикмет» атты еңбегі адамдарға үлгі-өнеге, ақыл-өсиет, насихат ретінде жазылған. Онда жастарды жақсылыққа ұмтылуға, еңбекпен мұраттарына жетуге шақырады [14, 75 б.].

Иассауи да Сократ сияқты адамдарды өзін-өзі тануға және өзін-өзі жетілдіруге шақырды. Ол «Адамның өмірдегі мақсаты – өзін-өзі тануы мен сапасын шексіз дамытуы» деп есептейді. Ал адамның дамуы үшін қажетті шарт махаббат болып табылады. Махаббат – Алланың нұры, яғни Алланың нұры жауғандарда ғана махаббат сезімі орнайды, ондай адамдар дүниені тану мен өзгертуге , өмірге өте құштар келеді [14, 76 б.].

Иассауи хикметтерінің түркілерге кеңінен танымал болу себебі, оның ұстамдылыққа және өзін-өзі жетілдіруге шақыратын құнды этикалық идеялар көтере білгендігі. Мысалы, «Қапалы жанды көрсең, бол оның сен емшісі», мойынсынбайтындардың белгісін табуға тырыстым», «Еліктесең, пайғамбарға (елікте), жетімдерді ұмытпа» [14, 77 б.], т.б.

Сонымен, оның ойынша, адамдағы басты мақсат – ақиқатқа жету, ал оған өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тану жолымен жетуге болады.

Мораль, гуманизм мәселесін қарастырғанда, Ж.Баласағұнның «Құтты білік» еңбегіне тоқталмай кетуге болмайды [15]. Бұл еңбегінде ол мораль философиясын арқау ете отырып, әділет, бақыт, ақыл, қанағат сияқты этикалық күрделі ұғымдарға үлкен мән береді.

Ж.Баласағұн адам бойындағы әділет, ақыл, бақыт сияқты қасиеттерді қанағаттан бөліп қарастырады. Адамзат осы үш қасиет жолында өмір бойы талпынып, күресіп, білсем, үйренсем, көрсем деп ақылға, білімге, ал шындықты іздеу арқылы әділдікке, үнемі жаны өзгерісті қажетсіну арқылы болашаққа, бақытқа ұмтылатындығын айтты. Қанағатты бұлардан бөліп қарастыруы оны өмірдің бар қызығын қанағат тұтқан адамдардың сопылық жолы деп түсінуінде. Бұдан Ж.Баласағұнның адам бойындағы үш қасиетті жоғары бағалағанын көреміз. Ол адамдардың басым көпшілігі қайырымды да, зұлым да болып дүниеге келмейді, бірақ ізгі адам бола алады, сондықтан оларды дұрыс тәрбиелеу керек деп, сол бала тәрбиесінде ата-аналар мен тәрбиешінің ынтымақтастығының маңызын ескертеді.

Бала жас кезінен білім мен өнерге, еңбекке араласуы тиіс. Оқыту барысында бала мінезін қалыптастыруға баса назар аудару керек, жаман әдет пен жағымсыз қылықтардан сақтап, оның әрі қарай ұласпауын қадағалау міндет. Дүниеге келгеннен бастап жаны тек жақсы, әділетті істерді ғана білуі керек. Онда жағымды, тұрлаулы мінез қалыптасуы үшін оны жаман қылықтардан аулақ ұстаған жөн. Оның тәні мен жаны жақсы жетілуге тиіс. «Тән мен жан тазалығы сабақтас» деген Баласағұнның тәрбие мен білім беруге қатысты бұл жүйесі парасатты ұрпақ өсірудің мәнін ашады.

Баласағұн тектілік, шындық, қайырымдылықты жоғары қойды:

Әділет – құт, Құт құйрығы – кішілік,

Әділеттің заты тұнған кішілік, – деп мұндай қасиеттен мақұрым адамдар «жануармен» тең, өйткені, олар өзімшіл, өтірікші, қатыгез, ал парасатты адамға тән жоғары қасиеттер – қайырымдылық, әділеттілік, шыншылдық деп есептеген [16]. Баласағұнның ұстазнамалық тұжырымдамасы біздің зерттеу жұмысымыз үшін өте құнды.

Монғол шапқыншылығынан Алтын Орданың ыдырауына дейінгі аралықтағы (XIII – XV ғғ.) түркі тілдерінде едәуір жазба мұралар жасалып, оларда тәлім-тәрбиелік, адамгершілік сипаттағы кеңестер уағыздалды. Мысалы, Р.Хорезмидің «Махаббатнамасында» «Ақыр түбі адалдық жеңеді», «Адамның жүрегі тазалыққа талпынады» деген ойын тұжырымдаса, Сайф Сарай «Гүлстан» атты романында «Ердің артында көп алтын қалғанша, жақсы аты қалғаны игі. Жас бұтақ қалауына қарай иіледі, иір ағаш тезге салмай

түзелмейді. Ағаш көркі – жеміс, адам көркі – жақсы іс. Изгілігі жоқ ер дүниеден белгісіз кетеді. . .» –деген сияқты ғибрат сөздері арқылы адамзат баласын адамгершілікке, ізгілікке шақырады [17]

Қазақ жерінде әділдік, даналық сияқты адамгершілік-этикалық мәселелерді жырлағандардың бірі – Асан қайғы. Ол өзінің жырларында әділдіктің-өсек, өтірікпен, даналықтың – ақымақтықпен, білімсіздікпен, көргенсіздікпен сыйыспайтындығын айтады. Адамдарды кеңпейіл, бауырмал, достыққа берік болып, ар-намысты жоғары ұстауға үндейді. Оның адамгершілік- этикалық толғаулары қазақ қоғамының прогрессивті күштерінен қолдау тапты [18].

XVII – XVIII ғасырлардағы жырау, ақындардың негізгі тақырыптары сол замандағы жоңғар шапқыншылығынан елді қорғауға бағытталған батырлардың ерлік істерін мадақтау, елді бірлікке, ынтымақтыққа шақыру болды. Бұндай өлеңдер халықтың өз отанына деген сүйіспеншілігін оятып, азаттық жолындағы күреске ұмтылдырды. Сол ақындардың бірі – Ақтамберді жырау. Ол қолына қару ұстап, елін, жерін қорғай жүріп, азулы жырымен оларды бірлікке бастады.

Ақтамберді жырау сияқты Бұхар жырау да халықты жалынды жырымен ақ жарқын, кеңпейіл болуға баулиды [19, 153 с.].

Қазақ даласында алғашқылардың бірі болып жастарды білімге шақырған – Шал ақын. Ол білімді адамның адам ретінде рухани, мәдени жағынан қалыптасуының алғы шарты деп білді [20]

Елді бірлікке, ерлікке, жолдастық пен адамгершілікке, ізгілікке, өнер-білімге шақыру әр ғасырдағы ақын-жыраулардың негізгі қағидалары болғанын көру қиын емес. Алдыңғы аға буынның гуманистік идеяларын әрі қарай жалғастырған ақын-жазушылар - Ақан Сері Қорамсаұлы, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұса Байзақов, Кете Жүсіп Еш尼亚зов, Омар Шораяқов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов т.б.

Ақан Сері «Жігіт сипаты» деген өлеңінде ер жігіттің бойында табылуға қажетті қасиеттерді тамаша жырлайды [21]

Заманында қоғамдық, ақындық, көркемдік, эстетикалық, тәрбиелік, ұстаздық, адам, ар-ождан, мораль философиясына өзіндік үн қосқан ұлы тұлғалардың бірі – Абай Құнанбайұлы. Ақынның: «Адам баласын бауырым деу – жүрек ісі», «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерден озады», «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген сияқты философиялық көзқарастарының көбі гуманизм мәселесі болып табылады [22, 151-153 б.].

Абай да Ж.Баласағұн сияқты адам бойындағы үш қасиетті жоғары бағалайды. Оны «Он жетінші сөзінен» келтірілген мына бір үзіндіден байқауға болады: «Қайрат, ақыл, жүрек – үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті...

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тындап болып, айтыпты:

– ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз болмайтуғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай

каталдығың да мол, пайдаң да мол, залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті;

– ей, ақыл, сенің де айтқандарыңның бәрі рас. Сенсіз еш нәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ, сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сеннен шығады. Жақсының, жаманның сүйенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүресің, соның жаман, – депті.

Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, - депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: Жақсылық айтқаныңа жаны – діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол».

Бұл айтылған пікірден қайрат пен ақылды жүрекке билеткенде ғана адамдық қасиетке қол жеткізуге болатындығын көруге болады.

Сондай – ақ ол «Отыз сегізінші сөзінде»: «...Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық деп білесің. Надандық – білім, ғылымның жоқтығы, дүниеден ешнәрсе оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады. Бұлардың емі, халқына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадаләт ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын...» деп адамдарды осы үш нәрседен аулақ болуға, елін сүйеге, өнер - білімге шақырады [22, 207-208 б.].

Өз заманының данышпаны Абай өзінің өлең жолдары мен кара сөздерінде адамгершілік, достық, еңбек, махаббат, өнер-білім тағы басқа барлық мәселелерге терең талдау жасап, жарқын болашаққа жетуге адамзатқа жол сілтей білді.

Абайдың этикалық эксцентрі – «Адам бол» деген гуманистік идеясы. «Адам болам десеңіз: бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деп, оның үлгісін беріп, адам болудың тұтас кодексін жасады. Олардың негізгілері: ақылды дұрыс пайдалану, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, білім алу, дүниені тану, әр нәрсенің өлшемін білу, жамандықтан бойын аулақ ұстау.

Абайдың ізін жалғастырушы Шәкәрім Құдайбердіұлы да «Иманым» деген шығармасында: «Мейірім», «Нысап», «Әділет», «Шыдам», «Шыншыл», «Харакет», түп қазығы: «Ақ ниет» – бұл жетеуін ел қылу деп осы жеті қасиетті уағыздайды.

«Адам өмірін қалай түзеуге болады?», «Адам қайткенде тату тұрады?»

деген сұрақтарға берген әр заманның ойлы, саналы адамдарының жауаптарына талдау жасай отырып, Ш.Құдайбердіұлы оны шешудің өзіндік жолын көрсетеді: адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл. Дүниеде осы үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге болмайтындығын ескертеді.

Ол «Әрине, адам оқып, біліп, үйренуі керек. Білімсіз, ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған білім-өнерлерін адал еңбекпен жаратылыстың мол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын нәрсе жоқ. Сол тапқан байлықты барша адам баласының керегіне, пайдасына жарату керек.

Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады. Ал, арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтануды білмейді және істемейді. Осы үшеуінің басы қосылса, адам жақсы өмір сүріп, бірімен-бірі тату тұруында сөз жоқ», – дейді [23]. Бұл айтылғандарға қарсы адам бойына жолдан қосылып, сіңіп, біте қайнасып қалған зиянды әдеттер де (нәпсі, өзімшілдік, мақтан) бар және олардан басқа да жаман әдеттер (зорлық, рақымсыздық, мейірімсіздік, қанішерлік, т.б.) туады. Сондықтан бұндай жаман әдеттерден құтылудың жолын іздестіру керектігін және адамды осындай жаман жолдан құтқару үшін оларды адал еңбекке қатыстыру, оқу-білімге үйрету, «ар білімі» деген арнайы пән арқылы адам бойындағы жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу қажеттігін ескертеді.

Кете Жүсіп Ешниязов өлеңдерінің тақырыбы өмір, жақсылық, жастық, әділдік адамгершілік мәселелері болса, Сұлтанмахмұт Торайғыров «Шәкірт ойы», «Туған еліме», «Ендігі бет алыс» тағы басқа өлеңдерінде оқу, адамдық қасиеттер, шындық, шыдамдылық сияқты мәселелерді көтерді.

Сонымен қатар Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов сияқты ұлы тұлғалар да гуманизм мәселесіне өз шығармаларын арнады.

М.Әуезовтің басқа туындыларын былай қойғанда, бір ғана «Абай жолы» романында автор өзінің әрбір кейіпкерлерінің бейнесін, іс-әрекетін, жүріс-тұрысын суреттеу арқылы халқымыздың психологиясына тән қасиеттерді тамаша сипаттап берді. Әсіресе, Абай, Ұлжан, Зере, Тоғжанның жан әлемін терең, жан-жақты ашып көрсету арқылы адамзат баласының бойынан табылуға тиісті барлық ізгі қасиеттерді көрсете білді [24].

Сондай-ақ ол «Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар: бірі – тіршілік қамы, бірі – адамшылық қамы. Тіршілік қамындағылар – дүниедегі барлық мақтау, пайда, байлық, дәулет, жақсы жұмыс, бақ менің басымда болса, ең болмағанда туысымда не аталасымда болса деп тек өз қамын, хайуандық тіршілігін ойлайтындар, ал екіншісі өз еліме, жеріме, күллі адам баласына, мүсәпірлерге әлім келгенше жақсылық жасасам, соларға титтей де болса пайдам тисе деген адамдық жолы», – дей келе, осы жолды адам баласы өзі шыққан ортасынан алатынына назар аударады [25].

Қазақ халқының үзіліссіз ұрпақ тәрбиесі мен оқу-ағарту жүйесінің тұңғыш ұлттық үлгісін жасаушы ғалым, психолог, жазушы – Советхан Ғаббасов. Ол «Ізгілік әліппесі» атты еңбегінде адам тәрбиесін шаңырық көтеріп, жанұя құру, ұрық тазалығы, ана құрсағындағы тоғыз ай, бесікке салу, бал-бөбек, балабақша, бастауыш мектеп, балиғат жасы деген кезеңдерге бөліп, болашақ ұрпақ

тәрбиесінің сырын ашуға тырысты. «Жалпы балалық шақтағы қатты ескеретін жай ... олардың миы мен нерв жүйелерін аялау арқылы жүрек мейірімдерін және нәзік сезімдерін мәпелей түсеміз. Бұл тұстағы сөздің әсерінен үлкен күш жоқ. Сондықтан олармен сөйлескенде айтылатын сөздерге барынша жауапты караған жөн» – деп мұғалімнің оқушылармен, ата-ананың баласымен, үлкеннің кішімен қарым-қатынас стиліне айырықша мән береді [26].

Гуманизм және ізгілік мәселесінің мәнін аша түсуде Л.И.Абдығалиеваның «Ізгілік мәселесінің қазақ дүниетанымындағы көрінісі» тақырыбындағы зерттеу жұмысына біршама толығырақ тоқталуды жөн көрдік.

Ол ізгілік ұғымын гуманизммен салыстырмалы қарастырып, біріншіден, жалпыадамзаттық гуманизм ағымының батыстық және шығыстық кеңістіктердегі қалыптасу және даму кезеңдерін негізгі белгілері мен ерекшеліктеріне байланысты хронологиялық жүйеге келтіруге талпыныс жасайды. екіншіден, гуманизмді дамытуда және әсіресе XIV – XVI ғғ. Батыс Еуропа ренесансы кеңістігінде ерекше көрінген гуманистік ағымның қалыптасуына қажет ғылыми-теориялық негіз жасап берген түрік-мұсылман өркениетіне тән гуманистік ілімдер мен ой-пікірлердің орнын анықтап, рөлін бағалау арқылы әлемдік құндылықтар әлеміндегі маңызын анықтауға тырысқан.

Оның ойынша, гуманизм ағымының түп-тамырын, яғни бастамасын өркениеттің көш басы – Ертедегі Үнді және Қытай құндылықтарынан іздеген жөн. Көне үнді діни-философиялық ағымдарынан таныған гуманизмнің бірінші түрі, адам баласын тек қасірет кеңістігінде теңестірумен шектесіп, адамның адамға сүйіспеншілігінің қасіретке ортақтасуымен анықталатын қағидаларына негізделсе, гуманизмнің екінші бейнесі адамның орнын, оның еркіндігі мен қабілеттерін шынайы бұл өмірлік бақытқа қол жеткізуге және адам болмысының табиғатынан теңдігін қамтамасыз етуге деген талап-тілек, ниет, ұмтылыс, іс-әрекетпен байланыста көрінеді. Ал бұған кезеңдес, әрі қатар қалыптасып, дамыған көне Қытай діни-философиялық ағымдарында адам табиғат кеңістігінде ғана емес, қоғамдық қатынастар жүйесінде де терең қарастырылған және Қытай гуманизмінің бір шеті – адамның ізгілігі оның екінші адамға деген адами қарым-қатынасымен анықталғандығында.

Сондай-ақ Л.И.Абдығалиева қос өркениет кеңістігінде тыныстаған гуманист - титандарының ілімдері мен мақсат, мұраттарының төмендегідей айырмашылықтарын көрсетеді:

– бірінші айырмашылық, олардың дінге қатысымен анықталады. Батыс гуманистері адам еркін, құқығын шіркеу үстемдігінен босатуды талап етті;

– екінші айырмашылық, батыс гуманистері адамның ақыл-ойы мен білім күшінің кереметтігіне сеніп, оны көрсетуге ұмтылды. Адам атақ-даңқ пен бақытты өмірден білім күшімен іздеп табады, ал сәтсіздіктерге адамның білімсіздігі кінәлі. Ислам ілімі бойынша, ақыл-парасат күші де адамға ғана қажет құндылық. Бірақ, түрік-мұсылман гуманистері адамның ішкі жан дүниесінің ақыл және біліммен үндестігіне ерекше мән береді;

– үшінші айырмашылық, Батыс еуропалық гуманистік көзқарастардың,

адам еркі мен құқығының өнер саласында ерекше бейнеленуі. Көркем шығармалардың мәнін түсінуде гуманистер өнердің философиялық қырын бағалай алды. Мұсылман өркениеті де өнер әлемімен таныс болды, бірақ сәулет өнері адамның жаңа қабілеттерін көрсете алғанымен, өнердің философиямен байланысы батыстағыдай жоғары болмады.

Ол гуманизмге қатысты өз пікірін қорыта келе, түрік-мұсылман өркениеті мен Батыс Еуропа ренессансы ойшылдарының шынайы гуманист ретінде мақсаттары бір – адамзат тағдыры мен бақытының болашағы, тұрақтылығы болғанын және адам іс-әрекетінің ақыл мен білім күштеріне толық бағындырылуы ішкі асыл күш, қасиеттер – сабырлық, сенім адамгершіліктің араласуымен жүзеге асырылуы қос өркениет титандарының бекіткен «алтын шарты», – дей келіп, ілімдерінің мазмұны сол кезеңдердегі мәдени-рухани, әлеуметтік-саяси даму ерекшеліктерінің ықпалымен қалыптасып, дамытылғанын көрсетіп берді [27].

Сонымен, жоғарыда айтылғандардан, гуманизм мен патриотизм әр ғасырда өмір сүрген жырау, ақын, жазушылар мен философтардың негізгі идеяларының бірі болғанын көреміз. Халыққа деген сүйіспеншілік, бұл сүйіспеншілікті сол халықтың бақыты жолындағы күреспен байланыстыру – ұлы ғұламалардың артына қалдырған негізгі педагогикалық идеялары.

Ежелгі философтардың, соның ішінде Сократтың адам туралы ілімі батыс философиясына, әсіресе, неопрагматизм, жаңа гуманизм, экзистенциализм ағымдарына зор әсер еткенін байқауға болады.

Бұл ағымдар адамның тіршілік етуі мен оның негізгі мәні туралы мәселені өз философияларының өзегі етіп алды.

Неопрагматикалық бағыттың негізін қалаушылар (А.Маслоу, А.Комбс, К.Роджерс, С.Хук, т.б.) тәрбиенің жеке тұлғаға бағытталуына мән берді. «Адам тұлғасының өсу бастауы мен гумандылығы, – деп жазды А.Маслоу, – тұлғаның өзінде ғана жатыр, оны қоғам құрған жоқ. Бақшаға қарайтын адам роза гүлінің орнына емен өсетінін алдын ала біле алмайды, ол тек розаның өсуіне көмектесуі, не кедергі жасайтыны сияқты, қоғам да тұлғаның дамуына не көмектесуі, не кедергі жасауы ғана мүмкін» [28].

Сондықтан А.Маслоудың пікірінше, адамның ең жоғарғы мүмкіндіктерінің дамуы үшін жақсы жағдай қажет. Ол «Адамның адамдық қасиеттерінің толық дамуына қолайлы жағдай тудырған қоғам – нағыз жақсы қоғам» деп жазды Оның ойынша, жақсы адамды қалыптастыру үшін жақсы қоғам қажет. Бұл екеуінің арасында тығыз байланыс бар және бірі екіншісі үшін қажетті жағдай болып табылады. Неопрагматикалық бағыт өкілдері тұлғаның тәртібіне толық еркіндік беруді көздейді. Сонда ғана тұлғаның белсенділігі дамып, болашаққа сеніммен қарауға үйренеді. Себебі, олар өз қалауы мен еркіне ғана сүйенеді. Көптеген сын пікірлерге қарамастан неопрагматикалық бағыт Америкадағы негізгі бағыттардың бірі болып отыр.

Қазіргі кезде батыс елдерінде кеңінен тараған бағыт – «Жаңа гуманизм» бағыты. Жаңа гуманизмді (П.Херс, Дж. Вильсон, Р.С.Питерс, А.Харрис)

жақтаушылар тұлғаның тәртібін басқаруды қойып, оның өзін-өзі көрсетуіне, өзіне қолайлы әрекетті таңдап алуына жағдай жасау, адамның «мен» деген қасиетін дамытуға басты көңіл бөліну керек деп есептейді [29. С. 163-164]. Олардың идеялары көптеген елдердің оқу-тәрбие жүйелерін қайта құруға ықпал етті.

Тұлғаны ең жоғарғы құндылық ретінде таныған философиялық бағыт – экзистенциализм бағыты. Олардың пікірінше, әр адам қайталанбайтын ерекше тұлға. Қазіргі кезде адамның өзін-өзі, өзіндік «мен» қасиеттерін сақтауы, өзін-өзі жүзеге асыруы күн санап қиындап отыр. Қоғам адамның өзіндік қасиеттеріне зияндығын тигізіп отыр. Тәрбие теориясы адамдарды жалпы бірдей етіп тәрбиелеуге тырысады, ал адамның дүниені тануының өзіндік жолы бар, адам өз әлемін өзі, өз қалауы бойынша жасауы керек.

Экзистенциализм бағытының көрнекті өкілдері Дж.Кнеллер, К.Гоулд, У.Баррет, М.Марсель, О.Ф.Больнов, Т.Морито, т.б. Олар ұсынған тәрбиелік ықпалдардың орталығы: адамның көңіл-күйі, сезімі, интуициясы, ал интеллект, ойлау, сана, логика екінші болып табылады. Сондықтан тұлғаны өзін-өзі көрсетуге, табиғи жекелікке, еркіндікке бағыттау қажет.

XIX ғасырда алғаш рет орыс экзистенциалистері гуманизмнің ағартушылық, дәстүрлі ұғымына қарсы шықты. Олардың ойынша, адамды ең жоғарғы құндылық, барлық заттардың өлшемі ретінде мойындау, оның теңдікке, бостандыққа талпынуы адамның өзін-өзі жетілдіруге деген ішкі әрекетіне негізделуі қажет. Сондай-ақ адамның шынайы табиғатын ашуға, хайуандыққа тән құмарлықтан арылуға негізделуі керек. Н.А.Бердяев пен С.Франклдің ойынша, адам әрқашан өмірдегі құлықтық міндеттерді өзіндік шығармашылықпен дербес шешуі қажет [30].

Жастарды діни құндылықтарға баулу арқылы «Шынайы білім беру» мәселесін көтерген діни философиялық бағыт – неотомизм бағыты. Олардың ойынша, дін мен ғылым бірін-бірі толықтыру керек. Себебі ғылым жердегі табиғи құбылыстарды зерттесе, дін рухани идеяларды насихаттайды. Дүниенің сырын ғылым танып болмайды, оны тек құдайға сену, жақындау арқылы ғана танып білуге болады. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері: У.Каннингам, У.Макгакен, М.Казотти, М.Стефанини, Р.Ливигстон, В. фон Ловених, Е.Жильсон [31].

Неотомизмнің педагогикалық тұжырымдамасын француз философы – Ж.Маритен жасаған. Неотомизм педагогикасы жалпы адамдық құндылықтарды (қайырымдылық, гуманизм, әділдік, жақынынды жақсы көру, өзінді-өзің құрбандыққа шала білу, т.б.) тәрбиелеуді жақтайды. Олардың ойынша, тек осы қасиеттер ғана қазіргі кездегі өзін-өзі құртып бара жатқан өркениетті сақтай алады. Сондықтан тәрбиенің мақсаты діни адамгершілікке, шыдамдылыққа, құдайға қарсы келмеуге бағыттау деп үгіттейді.

Соңғы жылдары білім берудің философиялық мәселелері: Ф.Т.Михайлов, А.Г.Огурцов, В.В.Платонов, В.С.Швырева, отандық философтар: Т.Әбжанов, Ә.Нысанбаев, О.А.Сегізбаев, Л.И.Абдығалиев, т.б. еңбектерінде маңызды орын алады.

Нағыз білім - философтардың пікірінше, мәдени – тарихи, құлықтық – рухани құндылықтарды сақтауға, жаңғыртуға шақыруы керек.

Сонымен, ғылыми философиялық еңбектерге шолу жасай келе қоғамның әр даму кезеңі өзіне тән гуманистік ұстанымдарды алға тартқанын көреміз. Сонау ерте заман философтарынан бастап, XX ғасыр философтарының өзі өркениеттің дағдарыстан шығуының жолы жаңа құндылық жүйесін құру және адамзат прогресі мен өмір сүру стратегиясын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа көзқарастардың қажеттілігін түсіну деп есептейді.

Ғылыми-философиялық еңбектерге талдау жасай отырып, адамзат қауымын гуманизациялау объективті қажеттілік екенін байқадық және жоғарыдағы философтар мен ақын-жыраулардың, жазушы-ғалымдардың осы мәселе жөніндегі мына ой-пікірлерін өз зерттеу жұмысымыздың философиялық негізі етіп алдық:

– біріншіден, адамды ең жоғарғы құндылық, барлық заттардың өлшемі ретінде мойындау қажет, оның теңдікке, бостандыққа талпынуы адамның өзін-өзі жетілдіруге деген ішкі әрекетіне негізделуі тиіс;

– екіншіден, адамдардың басым көпшілігі қайырымды да, зұлым да болып дүниеге келмейді, бірақ ізгі адам бола алады, сондықтан оларды әуел бастан қайырымды әрекеттерге бағыттай отырып, дұрыс тәрбиелеу керек;

– үшіншіден, адамды жаман жолдан құтқару үшін оларды адал еңбекке қатыстыру, оқу-білімге үйрету, «ар білімі» деген арнайы пән арқылы адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу қажет;

– төртіншіден, тұлғаның тәртібін басқаруды қойып, оның өзін-өзі көрсетуіне, өзіне қолайлы әрекетті таңдап алуына жағдай жасау, адамның «мен» деген қасиетін дамытуға басты көңіл бөлу қажет.

Міне, осы айтылғандарды түйіндей келе, адамзат қауымын гуманизациялау объективті қажеттілік және қазіргі адам мен мәдениеттің, өркениеттің өмір сүруінің шарты демекпіз.

Бұл жағдай, ең алдымен, адамның рухани дамуына жауапты болып табылатын білім беру мен тәрбиелеу ісін гуманизациялау мәселесін алға тартады. Бірақ, білім беру процесін гуманизациялау мәселесіне кіріспес бұрын біз, ең алдымен, бала бойында осы гумандық қасиеттер қалай қалыптасатынын, оған қандай жағдайлар әсер ететінін, оның механизмдерін білуіміз қажет. Сондықтан тұлға және оның психикалық процестерінің қалыптасуын, еркі мен руханилылығын зерттейтін психологияға, соның ішінде, гуманистік психологияға біршама талдау жасауды жөн көрдік.

Гуманистік психология XX ғасырдың 60-шы жылдарының басында АҚШ-та пайда болды. Бұл бағыттың жетекші өкілдері - Г.Олпорт [32], Г.А.Мюррей [32], А.Маслоу [33], К.Роджерс [34], т.б.

Гуманистік психология әр адамның шығармашылық мүмкіндіктерін ашу, тұлғаның өзін-өзі жігерлендіруі, топтық жұмыстың шығармашылық формаларын қолдану, оқыту процесінде әр оқушының бірегейлігін (дербестігін) ескеру идеясын ұстанды. Мұндай оқыту, авторлардың пікірінше, оқу жұмысын тиімді басқару технологиясына емес, оқушылардың білімді

игерудегі өзіндік қозғалысына, білімді ашудағы қуанышты басынан кешіруге, оқыту барысында тұлғалардың өзара қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Гуманистік психология бағытының көрнекті өкілі Карл Роджерс бұл бағыттың төмендегідей негізгі ұстанымдарын бөліп көрсетті:

– индивид әрқашан да үнемі өзгеріп тұратын әлемнің ортасында тұрады. Осыдан педагог үшін ең маңызды болып табылатын екі қорытынды шығады: әр индивид үшін айналадағы шындықты қабылдаудың өзіндік мәні бар; оның ішкі жан дүниесін сырттан ешкім аяғына дейін тани алмайды;

– адам айналадағы шындықты өзіндік түсінігі мен қатынасы арқылы қабылдайды;

– индивид өзін-өзі тануға және өзін-өзі жетілдіруге тырысады, ол іштей өзін-өзі жетілдіру қажеттілігіне ие;

– өзара түсіністік – тұлғаны дамыту үшін ең қажетті жағдай, ал оған қарым-қатынас жасау барысында қол жеткізуге болады;

– өзін-өзі жетілдіру, дамыту қоршаған ортамен, басқа адамдармен өзара әрекет негізінде жүзеге асады [34].

К.Роджерстің көптеген пікірлері тұлғаға бағдарлық тұрғыда қарау педагогикасының негізін құрайды.

Кеңестік психологияда баланың моральдық дамуы тұлға қасиеттерінің қалыптасуы, мінез-құлық, жүріс-тұрыс тәртібін игеру мәселелері негізінде қарастырылды, яғни Батыстағы сияқты жеке бір сала ретінде қарастырылмады. Бұндағы басты методологиялық қағида – адамды субъект ретінде, оның іс-әрекеті мен сол іс-әрекеттің қоғамдық өнімі ретінде қарастыру.

А.Н.Леонтьевтің пікірінше, психиканың онтогенетикалық дамуы адамның мәдени іс-әрекеті барысында кристалдандырылған заттарды (яғни өнер туындылары сурет, қол-өнер) меңгерумен тығыз байланысты [35].

Онтогенетикалық дамуды алғаш рет моральдық дамуға қолданған Д.Б.Эльконин. Ол «... возникновение первичных этических представлений есть процесс усвоения образцов поведения, связанных с их оценкой со стороны взрослых» деп жазды [36]. Бұл ойын ол Т.В.Драгуновамен бірге жазған «Возрастные и индивидуальные особенности младших подростков» деген еңбегінде әрі қарай жалғастырып, үлкендердің мінез-құлқы мен қарым-қатынас үлгілері жас балаларға ерекше әсер ететінін және бұл үлгілерді олар өздерін қоршаған ортадан алатындарын айтады [37].

Баланың адамгершілік жағынан дамуындағы үлгілердің рөлі туралы мәселе Л.И.Божовичтің еңбегінде де басты орын алды. Ол балаларға әсер ететін үлгілер жас кезеңдеріне қарай өзгеріп отыратынын көрсетіп берді.

Сондай-ақ, өз еңбегінде ол баланың әр жас кезеңіндегі адамгершілік мінез-құлқын анықтайтын функционалдық жүйелерді сипаттауға тырысты. Сондай жүйелердің бірі – баланың мектепке дейінгі кезеңінде пайда болатын ішкі моральдық саты. Бұның шығу себебін автор баланың үлкендердің талаптары мен үмітін ақтауға тырысуынан деп есептейді. Келесі жүйені бала алдында адамгершілік идеал формасындағы нақты адамның рухани кейпінің

көрінуі мен бала бойында өзін-өзі қадірлеу, өзінің қадір-қасиетін сезіну сияқты адамгершілік сезімдерінің шығуымен баланыстырады. Соңғы функционалдық жүйені адамгершілік сенімдер мен көзқарастардың пайда болуымен, яғни адамгершілік білімдерді талдап, қорытуымен сипатталатынын және ол адамдарға өз мінез-құлқын басқаруға мүмкіндік беретінін айтады.

Моральдық дамуды зерттеу барысындағы келесі мәселе – бала тұлғасының әр түрлі қасиеттерінің қалыптасу жағдайы. Бұл тұрғыда Л.И.Божович пен оның қызметкерлерінің еңбегін атап өту қажет. Л.И.Божович «Тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің психологиялық табиғаты және оның қалыптасу жағдайлары туралы болжамын» тұжырымдай келе: «Біздің ойымызша, тұлға қасиеттерінің негізіне балада қалыптасқан және әдетке айналған мінез-құлық формалары жатады. Сондай-ақ балада қалыптасқан мінез-құлық формалары мен осы меңгерілген формаларға сәйкес әрекет ету қажеттіліктері белгілі бір мотивтерге байланысты ғана жүзеге асырылады» деп жазды [38].

Дегенмен, С.Г.Якобсонның пікірінше, мінез-құлықты қалыптасқан әдет ретінде түсіну жеткіліксіз. Себебі мотив пен әдеттің теориялық дәрежеде қаншалықты өзара байланысты екені түсініксіз. Жақсы әдеттерді қамтамасыз ететін мотивтердің мазмұны мен құрылымы қандай болуы қажет? Әртүрлі мотивтерге байланысты қалыптасқан әдеттердің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Бұл сұрақтарға берген Л.И.Божовичтің жауабы әлі де экспериментальды дәлелдеуді қажет етеді.

Балалардың моральдық пікірлерін зерттеу мәселесімен А.Н.Лавриненко, Н.Э.Фокина айналысты. Мысалы, Фокина 8, 12, 15 жас аралығындағы балалардың бәріне бірдей бір даулы этикалық ситуацияны ұсынып, олардың пікірлерін зерттеген [39]. Зерттеу нәтижесі оған әр баланың дербес моральдық пікірін байқауға мүмкіндік берген.

Бірқатар авторлар моральды – әлемді игерудің ерекше амалы ретінде қарастыра отырып, оның негізгі функциясы қоғамда қабылданған құндылықтар жүйесіне сәйкес әлеуметтік тәртіп пен адамдардың қарым-қатынасын реттеу деп есептейді. Мысалы, И.Л.Ленская [40], Л.А.Венгер, В.С.Мухина [41], Т.Грининг [42], А.Н.Лариенко [43]. Сондай-ақ, бұл пікірді Л.М.Архангельскийдің (Социально-этические проблемы теории личности. М.,1974г.), А.А.Гусейновтің (Социальная природа нравственности. М.1974 г.), О.Г.Дробницкидің (Понятие морали. М.,1974г.), С.Г.Якобсонның (Психологические проблемы этического развития детей. М.,1984 г.), т.б. еңбектерінен білеміз.

С.Г.Якобсонның пікірінше адамдардың әрекеті қоғамдық тұрғыда реттеуді қажет етеді. Сондықтан ол нормативті реттеуді қоғамда қабылданған нормаларды адамдардың сақтауын қамтамасыз ететін механизмдердің бірі ретінде қарастырды. Ол:«Нормаларды меңгеру, оның қажеттілігін білу, түсінумен бірге, моральдық нормалар мен қағидалар негізінде басқа адамдардың іс-әрекетін бағалай білуге, сондай-ақ, күнделікті өмірінде қолдана білуіне мүмкіндік береді» деп есептейді [44].

Оқушыларға моральдық тәрбие беру мәселесін психологиялық жағынан зерттеген ғалымдар – М.М.Мұқанов пен Қ.Жарықбаев. М.М.Мұқановтың пікірінше, моральдық принциптерді тәрбие арқылы іс жүзіне асырудың мынадай екі түрлі жолы бар: бірінші жолы – мектеп бойынша, тәртіп сақтауға дағдыландыру; екінші жолы – моральдық принциптерді ауызша түсіндіру. Бұлар өзара байланысты және оқушыны әдептілікке үйрету әдістерінің өзінше жеке түрлері болып есептеледі [45, 115 б.]. Оның ойынша, бастауыш мектеп оқушылары моральдық принциптерді терең түсіне алмайды. Сондықтан мұғалім үнемі талдап түсіндіріп отыруы қажет.

Мұқановтың бұл пікірі Қ.Жарықбаевтың: «Бастауыш мектеп оқушыларының моральдық түсініктері олардың мінез-құлық нормаларын орындай білуімен сәйкес келе бермейді. Моральдық ұғымдарға түсінгенімен, қай жерде қалай қолданатындығын біле қоймайды. Сондықтан мұғалім моральдық түсініктердің практикамен байланысу жағына көңіл бөліп, оқушыларды осыған үнемі жаттықтырып отырған жөн» – деген пікірімен ұштасып жатқанын көруге болады [46]. Жоғарыда айтылған пікірлерден оқушыларға моральдық нормаларды, адамгершілік қасиеттерді игерту барысындағы мұғалім қызметінің ерекше рөлін байқауға болады.

Бірсыпыра психологтардың пікірінше, бастауыш мектеп оқушыларының моральдық нормаларды меңгеруіне мынадай жағдайлар ықпал етеді:

- балалардың үлкендердің үмітін ақтауға, құрметіне ие болуға тырысуы;
- мұғалімнің балалармен жылы, мейірімді қарым-қатынасы;
- мұғалімнің және бала құрбыларының моральдық мінез-құлық үлгілері;
- балаларда адамгершілік сезімдерінің пайда болуы т.б.

Бастауыш мектептегі оқу-тәрбие процесін гуманизациялауда бұл мәліметтерді білу өте маңызды деп ойлаймыз.

Сонымен, жоғарыдағы психологтардың еңбектеріне талдау жасау бізге бастауыш мектеп жасындағы балалардың моральдық қасиеттерінің қалыптасу, даму ерекшеліктерін байқауға мүмкіндік берді: біріншіден, бастауыш мектеп жасындағы балалар өте сезімтал, сенгіш, еліктегіш келеді; екіншіден, жасөспірімдік шаққа қарағанда бастауыш сынып оқушыларында мінез-құлық дағдарысы айқын байқалмайды; үшіншіден, бастауыш мектеп жасындағы оқушы сөзбен айтқан нәрсені есінде жақсы сақтағаннан гөрі, оны іс-әрекет арқылы жүзеге асырғанда ғана есінде берік қалдырады. Сондықтан оларды жақсы әдеттерге үнемі араластыру қажет.

Психологтардың (Карл Роджерс, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, Д.Б. Эльконин, Л.И. Божович, Н.Э.Фокина, В.И.Слободчиков, И.Л.Ленская, Л.А.Венгер, В.С.Мухина, Т.Грининг, А.Н.Лариенко, С.Г.Якобсон) тұлға өзін-өзі тануға және өзін-өзі жетілдіруге тырысатындығы, ол іштей өзін-өзі жетілдіру қажеттілігіне ие екендігі, бастауыш мектеп жасындағы балалардың моральдық қасиеттерінің өзіндік қалыптасу, даму ерекшеліктері болатындығы, үлкендердің мінез-құлқы мен қарым-қатынас үлгілері жас балаларға ерекше әсер ететіні, оқуға деген ынтасын арттыратын жағымды эмоционалдық жағдай жасау керектігі, оқушыларға моральдық нормаларды, адамгершілік

қасиеттерді игерту барысындағы мұғалім қызметінің рөлі ерекше екендігі, басқа біреудің жан дүниесіне, «мен» ұғымына ену үшін психологиялық дайындық қажет екендігі, баланың еркіндігін мойындап, оның келісу-келіспеу құқына және іс-әрекетті таңдау құқына ие екендігін тану керектігі туралы пікірлерін зерттеу жұмысымыздың психологиялық негізі етіп алдық.

Сонымен, қорыта келе, біз гуманизм бүкіл адамзат баласын бұрыннан толғандырып келе жатқан мәселе екенін байқаймыз. Бұл тек философияның мәселесі емес, сондай-ақ гуманистік психология мен педагогиканың негізгі мәселелерінің біріне айналғанын көруге болады. Өйткені қоғамды гуманизациялау бүгінгі күннің талабы болса, сол қоғамға сай адамдарды қалыптастыру, тәрбиелеу педагогиканың, ал ол ізгілік қасиеттер адамның бойында қалай пайда болып, дамитынын зерттеу психологияның, гуманистік психологияның объектісі болып отыр.

Гуманизм идеясы адамзат қауымымен бірге туып, бүкіл халықтың тәрбие жүйесімен бірге өмір сүріп келе жатқанын халық творчествосы, яғни мақал-мәтелдер, аңыз-әңгімелер, дастандар, т.б. ауыз әдебиеті үлгілерінен байқауға болады. Бұл мәселенің кейбір қырлары тамырын тереңге жіберіп көне заманнан бастау алады.

Алғашқы таптық қоғамның өзінде адамдардың қарым-қатынасын реттеу механизмдері, яғни ережелер шығып, әр қоғамдық даму кезеңдеріне сай өзгеріп, толықтырылып отырған. Бұған «Адамгершіліктің алтын ережелерінен» алынған мына бір пікір дәлел бола алады «...ешқандай басқа моральдық норма бұлжымайтын маңызға ие емес, ол ешбір өзгермейтін құндылық қатарына жатпайды, қайта өмірдің шындық формасы мен тарих қозғалысынан жаңа мән-мағынамен толығады» [47].

Бұдан біз ұлы ойшылдар гуманизмнің мәнін ұғынып, оны қоғам қажеттілігі мен даму деңгейіне сай түсіндіріп бергенге дейін, адамдардың практикалық іс-әрекеті түрінде өмір сүргенін және өз алдына жеке дамымай белгілі бір әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты өзгеріп, толықтырылып отырғанын көреміз. Әрі қарай ежелгі грек философтары Сократ, Аристотель, Платон, шығыс ойшылдары әл-Фараби, Ибн-Сина, Ж.Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи тағы басқалардың гуманизм туралы пікірлері гуманистік педагогиканың қалыптасуына алып келді.

Қайта өрлеу заманы гуманистік педагогиканың дамуының жаңа кезеңі болып саналады. Бұл кезеңдегі ағартушылардың басты назары баланы жан-жақты білу, баланың жеке басын бағалау болды. Қайта өрлеу заманының көрнекті өкілдері Т.Компанелла (Город солнце), Т.Мор (Утопия), т.б. да ағартушылар баланы тәрбиелеу туралы оқулар жүйесін құруда халық тәрбиесінің бай тәжірибелерін, антикалық ойшылдардың дене және рухани тәрбиені үйлестіру туралы идеяларын кеңінен қолданып, әрі қарай дамытты. Адамның бостандығын, тұлғалық ерекшеліктерін ескеру қажеттілігіне көңіл бөлді.

Ағылшынның ұлы ойшылы Т.Мор өзінің «Утопия» деген еңбегінде сол замандағы қоғамдық құрылысқа қарсы шыға отырып, қоғамды, ондағы